ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 10 шілде №7119-24-00-2/8007 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы "Ерейментау қаласы, агротехникалық колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – МКҚК)

ЖАУАПКЕР:

"Кантаев» жеке кәсіпкері (бұдан әрі- ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы "Ерейментау қаласы, агротехникалық колледж» МКҚК жауапкер "Кантаев» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Кантаев» ЖК ЖСН 571112300712 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Кантаев» ЖК ЖСН 571112300712 мемлекет пайдасына 1 864 (бір мың сегіз жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

"Кантаев» ЖК ЖСН 571112300712 Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы "Ерейментау қаласы, агротехникалық колледж» МКҚК-ның БСН 790840000010 пайдасына 60 714 (алпыс мың

вход. № 207 от 13.01.2025г.

жеті жүз он төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 1 822 (бір мың сегіз жүз жиырма екі) теңге сот шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 10.07.2024

Заңды күшіне енген күні 19.08.2024 Судья Нұрланов Б. К. 28.08.2024